

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**«ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ
БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІККЕ
ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ»**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

**«УСТНОЕ НАРОДНОЕ ТВОРЧЕСТВО КАК ОСНОВА
ДУХОВНО – НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ
ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА»**

Астана

2017

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы базасында әзірленген*

Пікір жазғандар:

Жұбандықова А.М., к.п.н.,
Кубигулова А.С., меңгеруші,
Смайыл С.С., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдар «Халық ауыз әдебиеті-мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» – Астана, 2017 ж. – 28 б.

Әдістемелік ұсынымдар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес және халық ауыз әдебиеті негізінде патриотизмге, рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына әдістемелік көмек көрсету үшін әзірленген.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагог қауымға, жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне ұсынылады.

«Халық ауыз әдебиеті – мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» әдістемелік ұсынымдары ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен қаралған және ұсынылған. (2017 ж. 7 ақпан №3 хаттама)

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
Республикалық орталығы, 2017 г.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (2014 ж.17 қаңтар) тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның дамуының нақты нәтижесіне шоғырланған «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасын негіздеп баяндады. Мемлекет басшысы Қазақстанның ұлттық рухын- дәстүрлер рухын, патриотизм, жаңару және жеңістерді нығайтуға шақырды. Елбасы өскелең ұрпақ үш қағида бойынша – бейбітшілік, келісім, саналы еңбекке тәрбиеленуі тиіс екендігін атап өтті.

Осыған сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа, патриотизм және толеранттылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің міндеті – болашақ ұрпаққа жинақталған білімді сақтайтын және ұқыппен жеткізетін, өз отанының тарихын, салтын, дәстүрін құрметтейтін және ана тілін білетін, шынайы патриоттарды тәрбиелеу.

Алғашқы азаматтық және патриотизм сезімі балаларда отбасында және балабақшада байқалып тәрбиеленеді. Жақындарына, туған өлкесіне, туған еліне сүйіспеншілік тұлғаның қалыптасуында зор рөл атқарады.

Баланы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу құралдарының бірі халық ауыз әдебиеті болып табылады:

Фольклор ерте уақыттан бастап :

-педагогикалық өзара іс-әрекеттің;

-баланы психологиялық–педагогикалық зерделеу;

-рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру;

-баланың сөздік қорын байыту;

-сұлулықтың берілуі және ана тілінің бейнелілігі құралдары ретінде бағаланады.

Халық ауыз әдебиеті туындылары мектеп жасына дейінгі баланың жас ерекшелігіне сәйкес психофизиологиялық ерекшеліктерді терең даналықты, жеңіл сезінуді және қарапайым есте сақтауды біріктіреді.

Халық ауыз әдебиетінің әсерінен баланың танымдық қабілеті жетіледі, оның эмоционалдық саласы дамиды, адамгершілік ұғымы кеңейеді, байқампаздығы және ерікті зейіні артады.

Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен танысу балаларды Қазақстанның мәдени мұрасына тартуға, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Мақсаты: балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу.

Міндеттері:

-ұлттық дәстүрлерге негізделген, халық ауыз әдебиеті арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

-«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу;

-оқыту, тәрбиелік, дамытушы міндеттердің бірлігін қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер: балаларда рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

«Халық ауыз әдебиеті-мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» әдістемелік ұсынымдары келесідей бөлімдерден: «Халық ауыз әдебиетінің түрлері», «Түрлі жас топтарындағы халық ауыз әдебиетін қолдану әдістері» тұрады.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің әдістері рухани-адамгершілік тәрбиесі теориясы іргетасына негізделген. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын және оны жүзеге асыру әдістерін білу заманауи педагог үшін маңызы зор.

Әдістемелік ұсынымдар халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы балаларда патриотизм мен туған өлкесіне деген, Астанаға деген сүйіспеншілікке, өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген мақтанш сезіміне тәрбиелеуге әдістемелік көмек көрсету мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметкерлеріне арналған.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Ауыз әдебиеті — халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте “халық шығармашылығы”, “халық поэзиясы”, “халықтың ауызша сөз өнері” дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады. Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті.

Жазу – сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі яғни ауыз әдебиеті деп атаймыз. Бұдан, әрине, ауыз әдебиетін көп адам бірлесіп отырып шығарған деген ұғым тумайды. Ауыз әдебиетінің қандай үлгілерін болса да әуел баста жеке адамдар шығарған. Бірақ ерте кезде, жазу өнері болмағандықтан, ауыз әдебиетін шығарушылардың аттары хатқа түспеген, сақталмаған. Халық олардың шығармаларын ғана сақтаған және оларды ауызша айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген. Ауыз әдебиетін фольклор деп те атаймыз. Фольклор — ағылшын сөзі. Ол — халық шығармашылығы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды береді.

Халық ауыз әдебиеті келесідей жанрларға бөлінеді:

- бесік жыры;
- тақпақ;
- өлеңдер;
- мақал-мәтелдер;
- жұмбақтар;
- санамақ;
- жаңылтпаш;
- ертегілер;
- мерекелер және әдет-ғұрыптар;
- халық ойындары.

Бесік жыры өзінің күрделі емес ырғағымен баланы жұбатады, әлдилейді, баланың психологиялық және дене бітімінің дамуы үшін өте маңызды, балаларда сезімдік әсердің жинақталуына, сөзді қабылдауға, тілді түсінуге ықпал етеді. Халық педагогикасының мәйегіне айналған бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар. Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таниды. Әлем халықтарының бесік жырлары әр елде әр түрлі аталғанымен, атқаратын міндеті, мазмұн байлығы, поэтикалық құрылымы мен саз-әуені жағынан үндесіп жатады. Бесік жырының басты қызметі — бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты

сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру. Бесік жыры баланың сәби кезінде, яғни 1 — 5 жас аралығында, бала жанына жағымды әуенмен айтылады, әуен-сазсыз бесік жырының мәні де, сәні де келмейді.

Тақпақтар баларды тәрбиелеуге, әсіресе ең кішкентай балалардың назарын аударуға, жұбатуға, көңілдендіруге қолданылады. Олар баланың өміріндегі бүкіл үдерісті қолдай отырып, балаға назар аудару түрі болып табылады.

Өлеңдер – өскелең ұрпаққа эстетикалық әсер етудің тиімді құралы, өлеңдердің мәні поэтикалық түрінің сұлулығында емес, олардың мазмұнында: олар еңбекке, әдемі әрекеттерге, адамгершілік мінез-құлыққа және т.б. шақырады.

Өлеңдерде ұлттық дәстүрлер мен салттар, мақалдар мен тілектер көрініс табады. Өлеңдер, ұлттық педагогиканың көпқырлы құралы ретінде ерекше орын алады. Оны кішіден үлкенге дейін барлығы айтады. Әрбір жасқа сәйкес өз өлеңдері бар. Олар адамды туғаннан дүниеден өткенге дейін сүйемелдейді.

Мақалдар мен жаңылтпаштар халық поэзиясының ерте кездегі жанрларының бірі. Мақал және мәтелдердің бейнелілігі мен нақтылығы, сөйлеуде орынды қолданылуы қазақ халқында жоғары бағаланады. Кез-келген мақал-мәтелдерде «педагогикалық кезең» көрініс табады. Кез-келген халықтың мақал-мәтелдері – сол халықтың адамгершілік кодексі болып табылады. Олар халық моралының нормаларын жалпылайды, адамда барлығынан бұрын ненің бағаланатындығын айтады.

Мақал-мәтелдердің мазмұны мәнді, түрі көркем, олар ақылмен, орнымен, ептілікпен қолданылады. Олардың негізгі мақсаты адамгершілікке тәрбиелеу.

Жұмбақтар – бейнелі сөздің шығармашылық түрі. Жұмбақтар әрқашанда үлкен өмірлік тәжірибеге, заттарды білуге, құбылыстарға, олардың сапасына, белгілеріне сүйенеді.

Сондықтан да балаларға тәжірибеге жақын жұмбақтарды шешу ұсынылады. Халық жұмбақтары ана тілінің ерекшеліктерін және оның бейнелерін ашуға, тапқыр және жанды ойлауға үйретеді. Жұмбақтар құбылыстардың жиі назар аударылмай қалған тұстарын көрсетеді.

Санамақтар – көбінесе ойлап табылған сөздерден тұратын және әуендерді қатаң сақтаумен айтылатын ұйқас өлеңдер. Зеректікті, ептілікті пен икемділікті қажет ететін ойындардың қатарына жатады. Сандарды қайталап айтқызу арқылы балаға алғашқы математикалық ұғымдарды — санауды үйретеді. Санамақ айтылғанда әр санның атына бір ұқсас сөз қосылып айтылады. Мыс.: Бір дегенім не? – Бір дегенім білеу, Екі дегенім не? – Екі дегенім егеу, Үш дегенім не? – Үш дегенім үшкір, Төрт дегенім не? – Төрт дегенім төрткүл. Санамақ ойыны осылайша сұрақ қойып, түрлі сандар мен сөздерді қайталап айтқызу арқылы баланың ойлау қабілетін арттырып, сөздерді анық айтуды үйретеді. Қай халықтың болмасын балалар ойындарын бастауда санамақтар басты рөл атқарады. Өзінің ерекше кең таралуымен де, балалар көңіл күйіне әсерлігімен де, сандық көлемі жағынан да бұл жанр ойындық балалар фольклорында ерекше маңызды орын алады.

Жаңылтпаш – қазақ ауыз әдебиетінің шағын жанры. Жаңылпаш ойын-сауыққа жиналған жұртты күлдіру; жас ұрпақтың тілін ұстартып, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған. Жаңылпаштың сөздері адамды жаңылдыратындай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады, қара сөз немесе өлең түрінде болады.

Ертегілер-кез-келген халықтың ауыз әдебиетіндегі көпшілікке танымал жанр. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына, ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Бірақ ертегілер өзінің қиял-ғажайыптылығы мен оқиғалардың шытырмандығына қарамастан шынайылыққа, тұрмысқа, тарихқа негізделген. Ертегілердегі ашылатын әлем, саналуан және алуан бейнелі.

Мерекелер мен әдет-ғұрыптар. Балаларды қазақ халқының тұрмысы мен еңбегінің бөлігі болып табылатын әдет-ғұрып мерекелерімен таныстыра отырып, балалар халқының тарихымен, оның өмір салтымен және халық даналығымен танысуға мүмкіндік алады.

Халық мерекелерінде тек қана сұлулық ғана емес поэзия, демалыс, қуану мен аңыздар, ынта болса көруге болатын ұмытылған ел тарихын көруге болады. Халық мерекесі балаларға шығармашылықпен өз ойын айтуға, үлкендермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Мереке- жағымды эмоцияның қайнар көзі.

Халық ойындары мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Онда адамдардың өмірі, олардың еңбегі, тұрмысы, намысы бейнеленеді. Қуанышты қимылдар балалардың рухани баюымен үйлеседі. Халық ойындарының ерекшелігі адамгершілік негіздерін басшылыққа ала отырып, сәбиге қоршаған ортамен үйлесімділік табуға үйретеді.

Мазмұны бойынша халық ойындары ерекше, көркем және балаға түсінікті. Олар белсенді ойлауға, көзқарасының кеңеюіне, қоршаған орта туралы ұғымдарды нақтылауға ықпал етеді. Халық ойындары басқа да тәрбие құралдарымен бірге өзінде рухани бай және дене бітімі жетілген, үйлесімді дамыған, белсенді тұлғаның қалыптасу негіздерін ұсынады.

ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Педагогтерге кіші мектеп жасындағы балалармен жұмыста шағын фольклор түрлерін (тақпақтар, жұмбақтар, санамақтар, өлеңдер, қысқа ертегілер) қолдану ұсынылады. Шағын фольклор түрлері бала еститін, алғашқы көркем шығармалар болып табылады. Бұл жаста балалар жылдам айтылған сөзді қабылдай алмайды, сондықтан балаға әрбір сөздің мағынасы түсінікті болуы үшін, тақпақтар, өлеңдер, жұмбақтар, санамақтар асықпай, анық оқылады. Бала назар аударып және оны есінде қалдыруы үшін, сөйлемдегі басты сөзді нақты бөліп алып, логикалық, психологиялық және ырғақты үзілістер сақталуы тиіс.

Шағын фольклор түрлері бала өміріне нық енуі үшін, оның мазмұнын түсінуге көмектесу керек. Тек оқып, ән айтып беріп қана қоймай, эмоционалды көңіл-күй тудыруда, оларды қандай түрде түсіндіруге болатынын ойластыру қажет. Педагогтің халықтық - қолданбалы өнер заттарын және қазақтың халық музыкалық аспаптарын (домбыра, қобыз және т.б.) қолдануына болады.

Шағын фольклор түрлері көп жағдайда өзіне - өзі қызмет көрсету және гигиена дағдыларын қалыптастыруда қолданылады. Еңбек әрекетін көрсетуді тақпақтармен, әнмен және т.б. сүйемелдеуге болады.

Тақпақтардың көмегімен балаларды режимдік сәттер барысында жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелейді: жуыну, шашын тарау, тамақтану, киіну және т.б. Тақпақтарды әр түрлі әдістермен ойнап, көрсетуге болады: оқып отырып, ойыншықтың әрекетімен сүйемелдеу, саусақ театрын, би-ба-бо қуыршақтарын, бас киімдерді, әр түрлі кейіпкерлердің маскаларын қолдану. Осылай көрсету арқылы балалар тақпақтарды тез есінде сақтайды. Сондай-ақ, балалар оларды өздері ойнауға үйренеді: тақпақ кім туралы айтылса, соған байланысты әрекет жасау, түлкі сияқты қозғалу, аю сияқты сөйлеу.

Дұрыс таңдалған тақпақ баламен байланыс орнатуға, оның сезімін оятуға көмектеседі. Тек қана эмоционалды байланыс орнатып және топта қолайлы ахуал құра отырып, балаларға жақсылық пен жамандық, сұлулық, шындық, батылдық, еңбексүйгіштік және адалдық туралы түсінікті сіңіруге болады. Тақпақ баланы әлемге енгізеді, өмір сүруге үйретеді.

Балаларды тәрбиелеуде әндердің алатын рөлі ерекше. Әндерде халықтың ғасырлық асыл арманы бейнеленеді. Әнде сұлулық пен мейірімділік бірге айтылады. Халық жырлаған мейірімді батырлар тек ер жүрек, батыл, қайырымды ғана емес, сұлулықтың тұлғасы ретінде сипатталады. Халық әндері өзіне ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, тек қана қайырымдылыққа, адам бақытына бағытталған.

Жұмбақтар-фольклордың ең қызықты жанрларының бірі. Жұмбақ жасыру, яғни оны шешу үшін белгісізді ойлап табу. Жұмбақтар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, оларды қоршаған ортамен таныстырады, білуге құмарлығын, байқағыштығын, есте сақтауын, ойлауын, тапқырлығын, қиялын дамытуға ықпал етеді. Олар затты бөліктері бойынша тануға (түлкінің

құйрығы сары, керіктің мойыны ұзын және т.б.) көмектеседі. Жұмбақ тапқырылықты, шапшаңдықты дамытады. Оларды шешу білімнің барлығын тұспалдайды, дүниетанымын кеңейтеді, балаға қуаныш сыйлайды. Педагогтер тақырып мазмұны бойынша жұмбақтарды қолдануы керек.

Санамақтар халық ойындарымен тығыз байланысты. Санамақтардың міндеттері ойынды дайындау және ұйымдастыруға көмектесу, рөлдерді бөлу, ойынның басталуы үшін кезекті тағайындау. Санамақтың халық даналығы көптеген тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, балалар санамақ арқылы өлең ұйқастарын жеңіл меңгереді. Санамақты бірнеше рет қайталау сөйлеудің дыбыстық мәдениетін меңгеруге көмектеседі.

Кіші мектеп жасындағы балаларды алғашқы ертегілермен таныстырады. («Шалқан», «Бауырсақ» және т.б.).

Ортаңғы топта тәрбиеші балаларды халық шығармашылығының туындыларымен таныстыруды жалғастырады және ең алдымен ертегілермен, жаңылтпаштармен таныстырады.

Ертегілер кіші және ортаңғы мектеп жасындағы балаларға жақсы таныс. Олар балалар өміріне берік енді. Өзінің мазмұны бойынша, ертегілер кішкентай балаға түсінікті, оның ойлауы мен түсінігіне жақын. Ертегі балаларда сүйіспеншілік және жарқын бейнелерге қызығушылық, оқиғаларға қызығушылық, шексіз қиял мүмкіндігін туғызады.

Балаларға еңбек, заттар, техника, табиғат туралы танымдық ертегілер қызықты. Ертегілерде халықтың өмір шындығы ашылып айтылады. Көркем бейнелердің жарқын көрнекілігі, композициялардың қарапайымдылығы, ертегілер тілінің байлығы халықтың идеясын, оның қайырымдылық пен зұлымдық, шындық және әділетсіздік, адамның сұлулығы туралы ұғымын баланың терең және тұрақты қабылдауына ықпал етеді. Ертегілер бала тұлғасын дамытады, оның қиялын оятады, армандауға үйретеді.

Әрбір жаңылтпаштың құпиясы мен тартымдылығы оның қайталанбайтын дыбыспен сөздің үндесуінде болып табылады. Жаңылтпаштар баланы сөз таптары мен сөз бөлігін дұрыс, саналы айтуға жаттықтыратын, сөз ойлап табуға үйрететін грамматикалық пайдалы жаттығулар болып табылады. Жаңылтпаштар баланың сөйлеуін дамыту үшін қолданылады. Олар әрбір дыбыстың нақты айтылуын қадағалау білігін дамытуға ықпал етеді.

Ересек топта тәрбиеші қазақтың халық ауыз әдебиетіне арналған, ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлайды. Фольклормен танысуды мақсатты түрде серуенде жалғастыру, балалар тәрбиешінің айналасына отырады және оларға ертегі айтады, жұмбақтар жасырады, балалармен бірге халық әндерін орындайды және халық ойындарын ойнайды.

Халық әндерін еркін драмалауды өткізу пайдалы және өте қызықты. Ересек топта балалар алғаш рет мақал-мәтелдермен танысады. Педагог, халық жалқаулықтан жиренетін, қайраттылықты, қарапайымдылықты, еңбексүйгіштікті үлгі ететін қысқа нақты ой-тұжырымдар жасағандығын айта келе, мақал-мәтелдерді орынды қолдануға болатындығын түсіндіреді.

Балаларды мақал - мәтелдермен таныстыру қоршаған ортамен танысу және сөйлеуді дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бөлігі болып табылады.

Мектеп алды даярлық сыныптарында (топтарында) балалар фольклор туындыларымен таныстыруды жалғастырады.

Мақал және мәтелдермен танысуға ерекше орын беріледі. Тәрбиеші тек қана олардың мазмұнын, жасырын мағынасын, мүмкін болатын қолдану нұсқаларын түсіндіріп қана қоймай, сол немесе басқа мақал-мәтелдерді орынды дұрыс қолдануға үйретеді.

Балаларды тек ғана қазақ халқының ғана емес, басқа да ұлттардың мазмұны бойынша терең ұлттық эпосы (аңыздар, әңгімелер) туындыларымен, халық әндерімен таныстыруға болады.

Әр түрлі қызмет түрлерінің ішінде, мектеп жасына дейінгі балаларға зор тәрбиелік және білімдік маңызы бар ойын болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындарын мектеп жасына дейінгі баланың ақыл ойын дамыту құралы ретінде қарауға болады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының мазмұнында баланың дүниетанымын әлем, ел, туған халқы туралы ұғымдармен нақтылап, жеткілікті дәрежеде кеңейтетін танымдық материалдар жеткілікті. Олардың ішінде әсіресе қазақтың халық ойындары «Көкпар», «Түйілген орамал», «Айгөлек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Ақсерек-көксерек», «Аудараспақ» және т.б. танымал, онда ұлы адамдардың және батырлардың өмірінен кейбір үзінділер, қоршаған ортаның құбылыстары, табиғаттың ерекшеліктері, үй және жабайы жануарлардың қылықтары келтірілген. Сондықтан осы және басқада ойындар балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда, жаңа білімді алуда, оларды меңгеру мен қолдануда маңызы зор.

Балаларды эстетикалық тәрбиелеуде барлық педагогикалық және балалар ұжымы қатысатын мерекелердің орны ерекше. Олар балаларда қуанышты сезімдер туғызады, әр түрлі көркем әрекеттерде шығармашылық бастамашылдық танытуға мүмкіндік береді және олардың есінде терең із қалдырады. Мереке – бұл күнделікті жағдайды жарқын, қуанышты, салтанатты сәтке ауыстыру.

Мерекелердің басты тәрбиелік ықпалы, негізгі идея жарқын эмоциялық құралдар көмегімен балаларға дейін бейнелі түрде жеткізілумен түсіндіріледі.

Әрбір мерекенің мазмұны балаларды эстетикалық сезімге жетелейді, олардың талғамын қалыптастырады.

Сондықтан да мерекедегі әрекеттің алуан түрлерінің үйлесімділігін мұқият ойластыру керек.

Бір тақырыпты ашуда бірін бірі толықтыра отырып, олар балаларға мерекенің эмоционалдық іс-әрекетінің күшін көбейтеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда Наурыз (Жаңа жыл) мейрамын атап өту жақсы дәстүр болып, қазақтың ұлттық мерекелерінің ішінде құрметті орын алады. Наурыз мерекесі күн мен түннің теңесуі -22 наурызда атап өтіледі.

Бұл күні топтар безендіріледі, балалармен әндер, өлеңдер айтылады, билер биленеді, қойылымдар қойылады, халық ойындары өткізіледі.

Наурыз мерекесінде дәстүрлі ұлттық тағам «Наурыз көже» дайындалады. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс.

Балаларды ұлттық мәдениетке тарту олардың патриоттық сезімі мен рухани дамуын қалыптастырудың құралы болып табылады.

Балалар ерте жастан бастап олар ұлы қазақ халқының бөлігі екендігін білуі керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектеп жасына дейінгі баланың рухани-адамгершілік қасиеттері туралы ұғымдарының даму деңгейі жалпылама патриотизм, толеранттылық, әділдік, шындық, қажырлылық, қарапайымдылық, ізгілік, еңбексүйгіштік, сезімталдық, қамқорлық ұғымдарының болуымен сипатталады.

Моралдық нормаларды меңгеру құрдастарымен және ересектерімен қарым-қатынас жасау барысында қалыптасады, онда бала басқа адамдарға қарым-қатынас бойынша мінез-құлықтың меңгерілген нормаларын практикада қолдану қажеттігінен, бұл нормалар мен ережелерді әр түрлі нақты жағдаяттарға бейімдеуге кезігеді.

Баланың рухани-адамгершілік даму деңгейі бағдарлама талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнымен байланысты.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері мен күні бойғы күн тәртібі сәттерінде әрбір балаға жеке тәсіл жүзеге асырылып, оның зияткерлік қабілеті мен мүддесі ескеріледі.

Фольклордың ықпалымен танымдық қабілеті жетіледі, эмоционалдық саласы дамиды, адамгершілік ұғымы кеңейеді, аңғарғыштығы мен байқағыштығы және ерікті зейіні артады.

Фольклор едүір дәрежеде тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, ол баланың сөйлеуін дамытады және байытады.

Балалар театрландырылған ойындарды жақсы көреді. Олар қойылымдағы кейіпкердің өмірімен және драмалаумен бір өмір сүреді, өзінің қолдауын, таңырқауын білдіреді, оқиғаға жиі араласады. Онда өз бетінше жиі қайталайды, қойылымдарды қайта ұйымдастырады, оған көркемде және қызықты болатын сюжеттік -рөлдерді қосады.

Дербес әрекетте балаларда шығармашылық қиял байқалады, олар жаңа ұғымдармен, біліктер және дағдылармен толығады.

Халық ауыз әдебиеті балаларды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Оны жанрларға бөлу белгілі бір жаста баланың рухани әлемін байытуға, патриотизмді дамытуға, өз халқының өткеніне құрметпен қарауға, оның дәстүрлерін зерделеуге, қоғамдағы моралдық-адамгершілік нормаларын игеруге мүмкіндік береді.

Халық ауыз әдебиеті балалардың дамуының бастапқы кезеңінде халық даналығын берудің қайталанбас, бірегей және оларды тәрбиелеудің ерекше құралы болып табылады.

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Халық ауыз әдебиетінің түрлері	5
3	Түрлі жас топтарында халық ауыз әдебиетін қолдану әдістері	8
4	Қорытынды	12
5	Әдебиет	25

